

## "DECT" стандартындағы сымсыз байланыс жабдықтары үшін 1880-1900 МГц радиожилік жолағын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің 2006 жылғы 16 қазандағы N 417-п Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 14 қарашадағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4454 болып енгізілді.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 9-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және "DECT" стандартындағы сымсыз байланыс жабдықтары үшін 1880-1900 МГц радиожилік жолағын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының радиожиліктер бойынша ведомствоаралық комиссиясының 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 16-5 шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жеке және заңды тұлғаларға байланыстың әртүрлі желілерінде қолдануға арналған "DECT" стандартындағы сымсыз байланыс жабдықтарын Қазақстан Республикасының аумағында әзірлеу, өндіру, жаңарту және пайдалану үшін 1880-1900 МГц радиожилік жолақтарын екінші негізде қолдануда Қазақстан Республикасының радиожилік жолақтарын пайдалануға рұқсаттама құжаттарының рәсімінсіз мынадай шарттарды орындаған жағдайда рұқсат берілсін:

1) Еуропаның байланыс стандарттары институты қабылдаған (ETSI) ETSI 300175 стандартына "DECT" стандартындағы жабдықтарының негізгі сипаттамалары сәйкес келу керек;

базалық және абоненттік станцияларының орташа қуаты 10 МВт аспауы қажет, антенналардың күшейту коэффициенті 18 дБ артық болмауы қажет;

"DECT" стандартындағы сымсыз байланыс жабдықтарының әрбір түріне Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте сертификат алынуы қажет;

"DECT" стандартындағы сымсыз телефон байланысы жабдығы заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуі тиіс және шеткі абоненттік терминал ретінде қолданылуы керек.

2. Байланыс департаменті (Волкова Е.В.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми түрде жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының орынбасары Р.Р.Нұршабековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми түрден жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК